

6–10 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА КІТАП ОҚУ БОЙЫНША «КІТАП ОҚИТЫН МЕКТЕП» БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ереже

1.1. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Жалпы білім беретін мектептердің білім алушыларына арналған «Кітап оқитын мектеп» байқауы келесідей мақсатта өткізіледі:

– Көркем және ғылыми-танымал әдебиеттерді оқуға деген қызығушылықты арттыру.

– Сөйлеу және жазудағы талдамалық қабілеттерді дамыту.

– Шығармашылық машықты және сыни ойлауды қалыптастыру.

– Көшбасшылық қасиеттер мен топтық жұмыс жасауға дағдылану.

1.2. Құрылтайшысы:

– «АМАНАТ» партиясы;

– «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры.

1.3. Байқау ұйымдастырушылары:

– Жалпы білім беретін мектептер (мектепшілік кезең);

– Қалалық білім басқармасы (аудандық/қалалық кезең);

– «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры

1.4. Байқау екі лига арқылы өтеді: қазақ және орыс тілдерінде.

2. Байқау қатысушылары

2.1. Байқауда жалпы білім беретін мектептердің 6–10 сынып оқушылары қатыса алады. Әр мектептен әр санат бойынша кемінде 10 адам, бес санат бойынша кемінде 50 адам қатысуы тиіс.

2.2. Қатысу форматы: Мектепшілік кезең: жекелей. Аудандық және қалалық кезең: командалық (мектеп немесе аудан атынан 3 адамнан).

3. Байқауды өткізу кезеңдері

Байқау үш кезеңде өтеді:

3.1. I кезең – мектепшілік

Мектеп ішінде өтеді. Жеңімпаздар параллель түрде анықталады (6–10 сыныптар). Нәтижесі бойынша аудандық кезеңге қатысу үшін жеңімпаздар арасынан (1, 2 және 3 орындар) команда жасақталады.

Іріктеу форматы:

1. Ауызша жауап беру: Қатысушылар байқау комиссиясының алдында кітаптарға қатысты ашық сұрақтарға жауап береді.

2. Эссе: Қатысушылар оқыған кітаптарға қатысты ұсынылған тақырыптардың біріне эссе жазады.

Нәтижесі: Кезең қорытындысы бойынша әр сыныптың (6–10 сыныптар) жеңімпаздары (1, 2 және 3 орындар) анықталады. Жеңімпаздар арасынан қалалық/аудандық кезеңге қатысу үшін командалар (мектептен әр санат бойынша 3 адамнан) жасақталады.

3.2. II кезең – аудандық

Мектепшілік кезеңде іріктеліп алынған командалар қатысады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады.

Іріктеу форматы:

1. Командалық квиз: Командалар кітап мазмұнына сәйкес сауалдарға жауап береді.

Нәтижесі бойынша 1, 2 және 3 орын иеленген командалар анықталып, 1 орын иеленген команда қалалық кезеңге жолдама алады.

3.3. III кезең – қалалық

Аудандық кезең жеңімпаздары (1 орын) арасындағы финалдық кезең.

Іріктеу форматы:

1. Командалық квиз: Командалар кітап мазмұны негізінде әзірленген күрделендірілген сауалдарға жауап береді.

Нәтижесі бойынша 1, 2 және 3 орын иеленген командалар анықталып, сыйлықтармен және медальдармен марапатталады.

3.4. Өткізу мерзімі мен кесте:

- Тіркелу: 2025 жылдың 20 қыркүйегіне дейін
- Мектепшілік кезең: 2026 жылдың 28 ақпанына дейін
- Аудандық кезең: 2026 жылдың 10 сәуіріне дейін
- Қалалық кезең: 2026 жылдың 20 сәуіріне дейін

4. Қатысушыларға қойылатын талаптар

4.1. Әр қатысушы байқау комиссиясы бекіткен 15 кітапты оқуға міндетті. Кітаптар 6–10 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып таңдалған.

4.2. Кітаптарды қағаз немесе электронды форматта оқуға болады. Кітаптар қатысушыларға таратылмайды.

5. Марапаттау

5.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Мектепшілік және аудандық кезең: дипломдар және барлық қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздарға қаржылай сыйлықтар (қаржылай сыйлық мектеп/қалалық білім басқармасы және аудандық әкімдіктермен анықталады).

- Қалалық кезең:
 - 1 орын – 1 000 000 теңге
 - 2 орын – 600 000 теңге
 - 3 орын – 400 000 теңге

5.2. Ақшалай сыйлықтар команда мүшелері арасында тең бөлінеді.

5.3. Сыйлықтар сайыс аяқталған күннен бастап 30 күн ішінде табысталады.

6. Бағалау

6.1. Байқау комиссиясы

Әр кезеңді бағалау үшін арнайы байқау комиссиясы құрылады.

6.2. Апелляция

Апелляция нәтиже жарияланғаннан кейінгі 20 минуттан кешіктірілмей беріледі.

Формасы: Комиссия төрағасының атына даулы мәселе бойынша келіспейтін сұрақ/нәтижеге қатысты жазбаша өтінім беріледі. Комиссия шешімі түпкілікті.

7. Тіркелу және өтінім беру

7.1. Қатысу үшін белгіленген үлгідегі өтінімді 2025 жылғы 20 қыркүйекке дейін толтырып, мектеп кураторы арқылы тапсыру қажет.

8. Ұйымдастырушылардың байланыс құралы

Ұйымдастыру мәселелері бойынша қатысушылар келесі тұлғаларға жүгіне алады:

- Мектепшілік кезең бойынша: мектептегі байқау үйлестірушісіне (байланыс құралдары мектеп әкімшілігі тарапынан беріледі).
- Аудандық және қалалық кезең бойынша: Қалалық білім басқармасы.

Қосымша 1. Өтінім үлгісі

«Кітап оқитын мектеп» байқауына қатысуға өтінім

1. Қатысушының аты-жөні:

2. Сыныбы _____

3. Мектебі (толық атауы, нөмірі):

4. Аудан/қала: _____

5. Қатысушының/ата-ананың байланыс телефоны:

6. Электронды пошта:

7. Қай лиганы таңдайсыз?

☐ Қазақ лигасы

☐ Орыс лигасы

8. Ата-ананың/заңды өкілдің аты-жөні және қолы:

Мен _____ (қатысушының _____ ТАӘ)

_____ байқауға қатысуына және «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» Қоғамдық қорының ресми сайтында өтінімде көрсетілген анкеталық деректерінің жариялануына рұқсат беремін.

9. Өтінім тапсырылған күні: «__» _____ 2025 ж.

10. Мектеп өкілі / жауапты тұлғаның қолы:

- Аты-жөні: _____

- Қызметі: _____

- Қолы: _____